

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

ФИЛОЛОГИЯ ФАКУЛЬТЕТІ
А.БАЙТҰРСЫНҰЛЫ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ТІЛ БІЛІМІ КАФЕДРАСЫ

Аса көрнекті ғалым, филология ғылымдарының докторы, профессор
Рақыш Сәтұлы ӘМІРДІҢ 95 жылдығына арналған
**«ҚАЗАҚ ТІЛІ КОММУНИКАТИВТІК МӘДЕНИ ЖҮЙЕДЕ:
ТЕОРИЯСЫ МЕН ПРАКТИКАСЫ»** атты
халықаралық ғылыми-әдістемелік конференция
МАТЕРИАЛДАРЫ

Алматы, 2025

СБОРНИК
материалов международной научно-методической конференции
**«КАЗАХСКИЙ ЯЗЫК В КОММУНИКАТИВНОЙ
КУЛЬТУРНОЙ СИСТЕМЕ: ТЕОРИЯ И ПРАКТИКА»**,
посвященной 95-летию со дня рождения выдающегося ученого,
доктора филологических наук, профессора
АМИРА Рақыша Сатовича
Алматы, 2025

Collection of materials of the international scientific and methodological conference
**"THE KAZAKH LANGUAGE IN THE COMMUNICATIVE
CULTURAL SYSTEM: THEORY AND PRACTICE"**,
dedicated to the 95 th anniversary of the birth of the outstanding scientist,
Doctor of Philology, Professor
AMIR Rakysh Satuly

Almaty, 2025

Алматы
Қазақ университеті
2025

Айгүл Х.А. Қазақ және қарақалпақ тілдеріндегі «аз», «ат», «қой» түбірлерінің семантикалық табиғаты.	155
Асанова С.Қ., Мұхамеди Қ.Т. Етістік негізді сөз тудырушы тұлғалардың этимологиясы туралы.	161
Әділет М., Итемирова А. Білгенге маржан... ..	165
Базарбай А.А., Кобланов Ж. Түркі халықтары әдеби байланыстарының заманауи сипаттарын зерттеу.	168
Балаева А.Б. Ш.Х. Сарыбаевтың қазақ тілінің тарихында алатын өзіндік орны, емле ережелерін қалыптастыруға қосқан үлесі.	170
Ерназарова З.Ш. «Дивани лұғат ат түрік» сөздігіндегі жай сөйлемдердің когнитивті – семантикалық модельдері.	173
Иманкешова А.Қ., Каракулова Г.Ж. Мұхамеджан Тынышпаев еңбектеріндегі топонимдер жүйесі.....	178
Қалиева Ж.Д., Касымов Н. Орхон-Енисей жазба ескерткіштерінің тілдік ерекшеліктері.	182
Муханбеткали С.Т., Бибайша І.Н. Маңғыстау топонимдерінің шығу тегі: мифтер мен аңыздар.....	186
Оразбаева А.А., Қамарова Н.С. Ханбibi Есенқараева шығармасындағы ұлттық болмыс.	189
Раймбекова Х.А., Байназарова Л.А. XV-XVIII ғасырлардағы жыраулар шығармашылығының тілі.	192

3-СЕКЦИЯ. Жоғары және орта мектептерде заманауи білім берудің әдіснамалық негіздері мен технологиялары

Абдрахманова А. Поэзияны оқыту: кеше, бүгін және болашақтағы міндеттері.	197
Абдульдина Б.Ш., Баянбаева А.А. Латын тілі сабақтарында клиникалық терминдерді үйретудің тиімді жолдары.....	200
Абдықадырова Г.І., Ғабдұл-Мүтәліп С.М. The relevance of english language in Kazakhstan.	204
Айнақұлова Ж.Е., Смайлхан А.Ж. Орыс аудиториясына қазақ тілін үйрету: қиындықтар мен шешу жолдары.	206
Айтжанова С.С., Дәркенбаева Ж.Қ. Интерактивті оқыту әдістері арқылы білім сапасын арттыру.	209
Альханова Қ. Жоғары және орта мектептерде заманауи білім берудің әдіснамалық негіздері мен технологиялары.	212
Арғынбек Нұрайлым. Орта мектепте қазақ тіліндегі жаңа атаулар мен қолданыстарды 4К моделі негізінде оқыту.	215
Арызгулова Б.К., Ормаханова Л.К. Жаңа білім беру мазмұнында ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолданып, білім сапасын арттыру.	218
Берденова Г.Е., Тоқтарбаева А.С., Итемирова А.С. Студенттерге кәсіби тілді меңгерудің маңыздылығы.	222
Бектурсынова А.И. Современные образовательные технологии как инструмент повышения качества обучения в средней школе.	224
Габдешева А., Бекмухамбетова С. Компетентностный подход в высшем профессиональном образовании.	228
Ержанова Б.Е. Оқушылардың басымдылық профилі мен ми жартышарлары арасындағы байланысының оқуды жетілдіруге әсері.	231
Ермекбаева Г.Г. Развитие навыков научно-исследовательской работы будущих учителей.	236
Жанысбекова Ш.Т. Білім алушыларға қазақ тілін оқытуда прагматикалық дағдыларды дамытудың тәсілдері.	239
Ибрагимова З.У. Развитие критического мышления у учащихся средней школы в условиях современного образования.	243

ЕТІСТІК НЕГІЗДІ СӨЗ ТУДЫРУШЫ ТҰЛҒАЛАРДЫҢ ЭТИМОЛОГИЯСЫ ТУРАЛЫ

Асанова С.Қ., Мұхамеди Қ.Т.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың 2-курс магистранты

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың ф.ғ.к., қауымдастырылған профессоры

Аннотация. В данной статье рассматриваются историческое формирование, семантические и функциональные особенности, а также этимология причастных форм -ар, -ер, -ыр, -ір в тюркских языках. Детально анализируются употребление указанных аффиксов в тюркских языках, их фонетические изменения и процессы семантического развития. Результаты исследования показывают, что эти формы выражают не только временное значение, но и качественный признак объекта. Кроме того, изучаются морфологические особенности причастных форм в современных тюркских языках и их роль в структуре предложений. Опираясь на исследования ученых, проводится сопоставление первоначального значения этих форм в древнетюркском языке с их современными значениями в тюркских языках. В исследовании применяется историко-сравнительный метод, проводится глубокий анализ грамматической функции причастных аффиксов. Также рассматривается связь данных аффиксов с диалектными особенностями тюркских языков и анализируются закономерности их развития. Обозначены сферы употребления причастных форм в разговорной речи, фольклоре и письменной литературе.

Ключевые слова: Причастные формы, корень, семантические изменения, морфологические особенности, тюркские языки, временное значение, диалектная особенность.

Annotation. This article examines the historical formation, semantic and functional features, as well as the etymology of the participial forms -ar, -er, -yr, -ir in Turkic languages. The usage of these affixes, their phonetic changes, and processes of semantic development in Turkic languages are analyzed in detail. Research findings indicate that these forms express not only tense meanings but also qualitative characteristics of objects. Additionally, the morphological features of participial forms in modern Turkic languages and their role in sentence structure are explored. Based on scholarly studies, the initial meanings of these forms in Old Turkic are compared with their modern meanings in Turkic languages. The study employs a historical-comparative method and provides an in-depth analysis of the grammatical function of participial affixes. Furthermore, the article examines the relationship between these affixes and dialectal variations in Turkic languages, providing an overview of their development patterns. The scope of participial forms in spoken language, folklore, and written literature is also discussed.

Key words: Participial forms, root, semantic changes, morphological features, Turkic languages, tense meaning, dialectal feature.

Тілдің семантикалық кеңістігіндегі атау бірліктері тек белгілі бір заттық ұғымды білдіріп қана қоймай, сонымен қатар олардың лексикалық жүйедегі орны мен салмағының қаншалықты маңызды екенін көрсетеді. Сонымен бірге, тілдік бірліктердің даму жолдары мен қызметі де қарастырылады. Күнделікті қолданылатын тұлғалардың тарихи қалыптасу ерекшеліктерін анықтау, ең алдымен, олардың ішкі мағыналық құрылымын зерттеуге алып келеді.

Н.А. Баскаков түркі тілдеріндегі алғашқы тұлғалардың маңызы жайында өз пікірін білдірген. Ол әртүрлі жұрнақтардың бірігуі немесе олардың қызметі негізінде сөйлем құрылатынын атап көрсеткен. Сондай-ақ, тілдік қолданыс пен тарихи қалыптасқан түбірлердің семантикалық өзгерістерге ұшырағанын да айтқан.

Қазақ ғалымдары да бұл мәселеге ерекше назар аударған. Ә.Қайдаров, М.Томанов, Ә.Ибатов сынды зерттеушілер алғашқы түбірлер бастапқыда тек ашық буын болғанын атап өтеді. Қосымшалардың этимологиялық табиғатын ашу үшін, олардың алғашқы қалыптасу

кезеңін зерттеп, түбірлік негіздегі жағдайын анықтау қажет. Осы бағытта ғалым Б.Сағындықұлының түбіртек теориясына сүйене отырып, қосымшалардың көне тұлғасын реконструкциялау арқылы олардың бастапқы мағынасын ашуға болады.

Қазіргі қазақ тіліндегі сөз тудырушы тұлғаларды қарастырғанда, олардың кейбірінің етістік негізді екенін байқауға болады. Түркітанымда сөз тудырушы тұлғалардың шығу тегі жайлы пікір алалығы бар. Бұл мәселе 1940 жылы Н.К.Дмитриевтің «Грамматика кумыкского языка» еңбегінде де қозғалған: «Никто и ничего не установил, что отличается с точки зрения функционального отношения аффикса -дыр от функции аффикса -т, от функции аффикса -ғыз и т.д.» [1, 136].

Қазіргі түркі тілінде әлі де қолданыста жүрген көне тұлғалар бар. Соның бірі тілімізде диалектілік сипатқа ие және басқа да туыстас түркі тілдерінде сирек қолданылатын келер шақ есімше тұлғалы -ар, -ер қосымшасы. Аталған қосымша қазақ тілінің батыс говорларында -ұр, -үр вариантында да кездеседі. -Ұр, -үр қосымшасы қазіргі таңда белсенді қолданылмаса да кейбір сөздердің құрамында сақталып қалған. Мысалы: Білгенін айтар болұр, Бүгін бармаса, басқа күн барұр.

Аталған қосымшаның қарақалпақ тіліндегі тарихы туралы Н.А. Баскаков былай дейді: "Қазіргі тілде есімшенің келер шағы -ар, -ер, -р варианттарының көмегімен жасалады. Ал қысқа дауысты -ыр, -ур, -ир, -юр варианттары кейбір қатып қалған формаларға, негізінен күйді білдіретін турур, отурур, джатурур, ждор-ур етістіктеріне тән, кейде олар басқа негізде де кездеседі. Мысалы: Сендей қызғызлар балагча ана болур келинлек". [2, 425]

Н.З. Гаджиева мен Б.А. Серебренников түркі тілдерінің тарихи салыстырмалы грамматикасын зерттей келе -ар, -ер, -ыр, -ир қосымшасы туралы мынадай пікір білдіреді: «Түркі тілдерінде етістіктен сын есім жасайтын тұлғаларды есімше деп атауға болар еді. Бірақ қазіргі түркі тілдеріндегі есімшелерден айырмашылығы бар көне түркі тілінде -ар, -эр, -ыр, -ир деген етістіктен сын есім тудыратын спецификалық жұрнақтар болған. Олар статикалық белгіні, заттың қасиетін білдіреді. Мысалы: ақар – ағар. Мұның түбірі “ақ” етістігі» [3, 133].

Кейбір түркі тілдерінде сақталған көне түркі тілінің -ар, -ер, -ір жұрнағы әлі де қолданыста. Әзірбайжан тіліндегі «жанар» сөзі горящий, горячий мағынасында жұмсалады. Атаулы сөздің түбірі – жан, -ар есімше тұлғасы екені белгілі. Ал «жарар» сөзі уютный, пригодный мағынадағы сөздің де құрамын талдар болса, түбірі «жар», - ар – есімшенің тұлғасы.

Есімшенің бұл формасы қазіргі түркі тілдерінде осы шақ, келер шақ формасында тек якут тілінде сақталған. Ал көне түркілік тілде мезгілдік мағынаны емес, заттың сындық қасиетін сипаттаған. Көне түркі тілінде «учар құш» тіркесі – ұшып бара жатқан құс емес, ұша алатын құс мағынасында жұмсалған. Бұл жердегі есімшенің -ар формасы заттың сындық қасиетімен қоса, осы шақ пен келер шақты да білдіре алатынын көрсетеді.

Аталған форма есімшенің келер шақ формасы ретінде көбінесе болжалды мағынаны да білдіреді. Мысалы, учар құш. -Ар, -ыр көне түркі тілінде келер шақ, нақ осы шақ қызметін атқарған. Мәселен, әзірбайжан тілінде: алырам – мен алып отырмын, түрік тілінде – аларым, түркімен тілінде – аларыч болады.

А.П. Поцелуевский түркімен тіліндегі -ор форманты -ар формасының ауысканы деген пікір айтады [4, 151]. Бұл пікірді ғалым Н.К. Дмитриев, А.Н. Кононовтар да қолдайды. Түркі тілдері мен әзірбайжан тілдерінің диалектілерінде -ор көрсеткіші жиі қолданылады. Бұл -ор формасы қазақ тіліндегі -ар, -ер формасымен сәйкес келеді.

Көне түркі тілдерінде етістіктен сын есім тудырушы жұрнақ болған -ар, -эр, -ір, -ир форманты әрқашан іс-әрекеттің динамикалық белгісін білдірген. Мәселен, әзірбайжан тілінде ахар – текучий деген мағына берген. Бұл сөздің түбірі – «ақ» болса, -ар формасы келер шақ формасында жұмсалынған.

Сондай-ақ, түркі тілінің грамматистері -р, -ар формаларын якут тілнен басқа түркі тілдерінде есімшенің осы шағында сипаттайды, дегенмен қазіргі таңда бұл белсенді формант емес екенін дәлелдеген.

Көне кезеңдегі тілде -ар, -ер, -ыр, -ір формалары әртүрлі мағына білдірген. Тілдің дамуы барысында ол сапаны да білдіретін болған. Мысалы, қазақ тілінде жанар сөзі мен ұйғыр тіліндегі қарар тұлғасында сапалық мағына бар.

Ғалым Ә.Төлеуов -ар, -ер, -ір жалғауын сын есімге жалғанатын тұлға ретінде қарастырып, жасар, қысқар, көгер сияқты сөздерді туғызып етістік жасайды деген пікірді айтады [5, 130].

Бұдан бөлек, -ар, -ер, -ір түркі тілдерінде болжалды келер шақ қызметін де атқарады. Етістік түбіріне есімшенің -ар, -ер, -ыр, -ір жұрнағы жалғанып болжалды мәнге ие болған. Мысалы, кошқар болар қозының маңдай жағы дақ келер, кісі болар жігіттің арқа басы кең келер. Бұл мақалдағы «келер» етістігі арқылы болжалды келер шақ мағынасын беріп тұр. Бұл пікірді Н.З. Гаджиева мен Б.А. Серебренников та қуаттайды: “Будущее предположительное время образуется посредством аффикса причастия на -ар, -ер, -р, -ур используется аффиксами лица I-ой группы: барарман. Варианты -ур, -үр более архайчны и встречаются преимущественно в устно поэтических произведениях письменно литературного происхождения. Причастия будущего времени образуются с помощью аффикса -ар, -р, -ар, -ур” [3, 245]. Демек, -ар, -ер, -ыр, -ір формалары келер шақтық мағынада көбіне ауызекі поэтикалық тілде ғана емес, халық ауыз әдебиетінде жиі кездесетіндігін байқаймыз.

Н.К.Дмитриев әзірбайжан, құмық және түркімен тілдерінің материалдарына сүйене отырып, -р, -үр аффикстерін бір-бірімен фонетикалық варианттар ретінде қарастырады. -Ар аффиксін бұлардың ең еуелгі формасы ретінде зерттеп оның әртүрлі мағына бергенін көрсетеді. Ғалымның көрсетуінше, аталған тілдерде -ір, -ур осы шақтық мағынаны білдірген де, -ар аффиксі келер шақтық мағынаны білдірген. Мысалы, әзірбайжан тілінде: гәдір – келе жатыр, йәзір – жазу, гәдар – барады, йазар – жазады мағынасында келеді.

Тува тіліндегі -ар, -ер, -ыр, -ір формасы туралы Ф.Г.Исхаков пен А.А.Пальмбах “Грамматика тувинского языка. Фонетика и морфология” атты еңбегінде мынадай пікір айтқан: “... образует глаголы главным образом от основ качественных прилагательных: акар – белить, сесэр – синеть, тазар – чиститься, қайғұр – горевать, суғар – поливать [6, 264].

Т.И.Грунин әзірбайжан тіліндегі осы шақты білдіретін: -ыр, -ир, -ур, -үр, түркі тіліндегі осы шақты білдіретін -іјаг аффиксі тек қызметі жағынан байланысты деп қарастырған. Әзірбайжан тілінде бұл форма кейін дифференцияланып, жуан дауыстымен берілген формасы болжалды келер шақ мағынасын білдірген. Ал жіңішке дауыстымен берілген варианты өзінің алғашқы мағынасын сақтап қалған. Ғалым өзінің позициясын дәлелді көрсету үшін өзге түркі тілдеріндегі жуан және жіңішке дауыстылармен берілген семантикалық шектеуліктерді мысалға келтірген.

Ғалым А.М.Щербак -ар, -ыр аффиксіне жеке талдау жасап, аталған қосымшаларды зат есім мен сын есімнен етістік тудыратын қосымша деп қарастырады.

-Ар, -ыр аффиксі мен -қар, -кер аффиксі арасында байланыс бар. Бірақ бұл байланысты бір жолға түскен дей алмаймыз. М. Қашқаридан еңбектерінен келтірген Э.В. Севортянның мысалдарында бұл байланыстардың бар екеніне негіз бар. -Ар және -қар, -кер аффикстерінің шектелуінің негізгі мынада: -ар, -ір аффикстері жалғанған етістіктердің барлығы жоғарыда келтірілгендерден басқа, салт етістіктер жасай алады. Онда -қар, -кер аффиксі пайда болған етістіктер салт етістіктері деп айтуға толықтай негіз бар.

Келесі мәселе – түркі тілдеріндегі дауыссыздан кейінгі позицияда қ дыбысының түсіп қалуы. Бұл дағдылы құбылыс емес. Сондықтан -ар және -қар, -кер аффикстерінің екеуі де қолданылады. Осылайша -ар аффиксі -қар аффиксінің фонетикалық бір түрі ретінде интерпретация жасауға ешқандай мүмкіншілігі жоқ.

Ерте кезеңдегі түркі тілдерінің қалыптасуында қимыл есім тұлғаларының біразы таза есімшелер мәніне ауысқан. Онда процестің бірден-бір көрінісі сол, олар шақтық мән алып,

оған қимыл мәнін қосып алған. Осы шақ пен келер шақ мағынасын жеткізетін түркі есімшелер: -ар, -ыр, -ер қазіргі түркі тілдерінің барлығында дерлік қолданыста бар.

Қазақ тілінде -р тұлғасы үнемі болып, қайталанып тұратын істің осы шақтық мағынасын білдірсе, башқұрт тілін зерттеушілер аталған тұлғаны келер шақ мағынасын береді деп атап көрсетеді.

-Ар тұлғасы қазақ тілінде келер немесе ауыспалы осы шақ мағынасын береді. Әзірбайжан тілінде -ар көбінесе осы шақты білдірсе, -р келер шақты білдіреді. -Р қазақ тілінде осы шақты білдіретін еркін қолданылатын тәсілі емес. Тек қана отыр, тұр, жатар, жүр қалып етістіктерінің құрамында ғана кездесіп, нақ осы шақтық мағына туғыза алады.

М. Томанов еңбектерінде якут тілінде -ыыр, -ар тұлғалары семантикалық тұрғыдан қарастырғанда мәндес болып, бірі-бірінен ажырамайды. Ал олардың айырмашылығы -ар қосымшасы дауыссыз дыбысқа аяқталған түбірлерге, ал -ыыр қосымшасы дауысты дыбысқа біткен түбірлерге жалғанады деген тұжырым айтқан.

Ал гагауз тілінде жуан дауыстыларға аяқталған сөздерге -ар аффиксі жалғанады. Негізгі жіңішке болып келетін сөздер түрік, гагауз және сол сияқты батыс, шығыс тілдерінде кездеспейді.

Түбір дауысты дыбысқа аяқталса, солтүстік шығыс моделі бойынша түрік, гагауз тілдеріне қарама-қайшы -ар, -ер аффиксі сақталып қалады. Байырғы өзбек, ұйғыр тілдерінде, сондай-ақ қырғыз тілдерінде де -ар, -ер аффиксінің -ир, -үр варианты кездеседі. Ал қазақ, қырғыз сияқты оңтүстік-шығыс, оңтүстік-батыс тілдерінің бір бөлігінде -ар, -ер жуан түрінде қабылданған. Башқұрт тілінде қарама-қарсы (-ур, -ер, -ор) болып келеді. Мұнда дауыстылардың әртүрлі өзгерістері болып отырады. Қалған түркі тілдерінде аталған дауыстылар жүйесінің екі түрі де әртүрлі пропорцияда сақталған.

Түркі тілдерінің бірқатарында бөлшектік сан есімдер де -ар, -ер жұрнақтарының қолданылуынан жасалады. Э.В. Севортянның еңбегінде бұл туралы мол деректерді кездестіре аламыз. Мысалы, ежелгі ұйғыр тілінде – бірер, бір-бірден, мамлюк қыпшақтары тілінде – ушер (уш-уштен), арғу қыпшақтары тілінде – екісар (екі-екіден), хорезм диалектісі тілінде бірер, ескі түрік тілінде – бірар т.б. -ар, -ер қосымшаларынан жасалған сан есімдер анықталған.

А.Н. Кононов -ар, -ер формантының генезисін -лар, -лер көптік жалғауымен байланыстырады.

Өзінің докторлық диссертациясында Б. Сағындықұлы да -ар, -ер қосымшасының генезисі мен этимологиясына терең талдау жасаған. Талдау жүргізу барысында, көне -ар түбірі -ер тұлғасының фонетикалық варианты екенін көрсетеді. Тар-дың құрамындағы -ар – осы ар. Ғалым есептік сан есімдерге қосылғанда уч+ар, екир+ар т.б. болып көптік мағынада да көрсете алған деп тұжырым жасайды [7, 137]. Бұл жоғарыда келтірілген А.Н. Кононовтың пікірімен астас.

А.М.Щербак “Очерк по сравнительной морфологии тюркских языков. Глагол” атты ғылыми зерттеуінде былай жазады: “Известно несколько разновидностей аффикса будущего предположительного, отличающихся друг от друга характером огласовки: -р, -ур, -ар, -ір, -ир, -ор, -ур, -өр. Первая разновидность типична для тех случаев, когда основа оканчивается на гласный. Староогузский – сөзлариур, башкирский – башлар. Вторая разновидность является либо преобладающей, либо единственно возможной при наличии в исходе глагольной основы согласного” [8, 85].

А.Хасенова “Етістіктің лексика-грамматикалық сипаты” деген еңбегінде аудар дегендегі -дар мен шығар, шөгер, батыр деген сөздердегі -ар, -ер аффикстерін -дір, -дыр тұлғаларымен бір шеңберде қарайды. Қазақ тілінде өрісі тар бұл -дар және -ар, -ер аффиксінің якут алтай тіліндегі жиі қолданылу сферасы мұның айқын дәлелі десек те болады [9,186].

Болымсыздық формасын беретін -ар, -ур есімшесінің екі варианты бар. Біреуі қарлық, ұйғыр, қыпшақ сонымен қатар оғыз тілдеріне, ал екіншісі – келмар түрі оғыз тілінің

диалектілеріне тән. Мысалы, түрік тілінде білмес, көрмаз, ескі түрік тілінде сөйлемар, шор тілінде ақпаз, ағаз т.б.

Ескерткіштерде -арды, -ерді деп анықталған тұлғалардың қазіргі тіліміздегі сипаты «еді» көмекші етістігі түрінде болып келеді. Бұл етістіктердің түбірі -ар, -ер болады. Негізгі мағынасы – «бар» (есть). Б.Сағындықұлы «б+ар» сөзі де осы -ардың жаңғырығы болар деп тұжырымдайды. Олай дейтін себебіміз, олардың арасындағы мағыналық жақындықтан келіп шығады.

Қазіргі түркі тілдерінің біразында -ар, -ур есімшесінің атрибутты қолданылуы қысқарып, предикат ретінде қолданылу жүйесі кеңейіп барады.

Бүгінде -ыр есімшесі кең таралған келер шақтық мәнге ие. -Ыр формасы дауыссыз негізге қосылып алты түрлі вариант туғызады. -Ар, -ер – жуан дауыстыларға жалғанса, -ур, -ір, -ир, -үр варианттары – жіңішке дауыстыларға жалғанады. Түркі тілдерінің көбінде алдыңғысы қысаң дауысты варианттары тән болғандықтан, әдетте аффикстердің екі этимологиялық типі бар деп есептеледі. Аталған көрсеткіштердің семантикасы бірқатар түркі тілдерінде аффикстердің араласып кетуіне әкеліп, кейбір түркі тілдерінде фонетикалық дифференциация болды.

Қорыта келе, түркі тілдерінің даму тарихында -ыр формасының субстантивтенуі орын алып, бұл форма арқылы жасалған сөздер зат есімге айналды. Бұл жайында Н.К. Дмитриев пен Н.З. Гаджиевалар өз еңбектерінде толық мәлімет берген болатын.

-Р формасы жатыс және шығыс септіктерінің аффикстерін қабылдай отырып, көсемшенің де қызметін атқарып жүр. Сонымен қатар, -р формасындағы етістікке есімдер мен демеуліктер көмекші элемент ретінде жалғанады. Қазіргі түркі тілдерінде -р формасының етістікті есім ретінде қолданылуы қысқарғанын байқауға болады. -Ар формасының генезисі мен этимологиясын қарастыра келе, жоғарыда айтылған ғалымдардың пікірінен атаулы қосымшаның бір кездерде «бар» мағынасында жұмсалғанының қолдаймыз.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Дмитриев Н.К. Грамматика кумыкского языка. -М.-Л.: Изд-во АН СССР, 1940. - 206 с.
2. Баскаков Н.А. Историкотипологическая морфология тюркских языков. М., 1997. - 49 стр.
3. Серебренников Б.А., Гаджиева Н.З. Сравнительно-историческая грамматика тюркских языков. - М., 1986. - 294 с.
4. Поцелуевский А.П. Проблемы стадияльно-сравнительной грамматики тюркских языков. - Ашхабад, 1946.
5. Төлеуов Ә. Қазақ тіліндегі есім категориясы. - Алматы, 1975.
6. Исхаков Ф.Г., Пальмбах А.А. Грамматика тувинского языка. Фонетика и морфология. - М.: Издательство восточной литературы, 1961. - 470 с.
7. Сағындықұлы Б. Қазақ тілі лексикасы дамуының фонологиялық заңдылықтары. Докторлық диссертация: - Алматы, 1994.
8. А.М. Щербак Очерки по сравнительной морфологии тюркских языков (глагол) – М-Л: Наука, 1981. -183 с.
9. Хасенова А. Етістіктің лексика-грамматикалық сипаты. - Алматы, 1971. - 179 б.

БІЛГЕНГЕ МАРЖАН...

Әділет М., Итемирова А.

*Т. Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы, оқытушы
Каспий қоғамдық университетінің магистрі*

Аңдатпа. Мақалада Абайдың өлеңдеріне ән жазу арқылы тілдің қуатын арттырып, ықпалын күшейтуі ұрпақ тәрбиесінде маңызы зор екендігі нақты мысалдармен қарастырылған.

Түйін сөздер: ән, күй, білім, ғылым, ата-ана, ақын, қоғам, ғалым, ұлт, халық, мұра, аманат, тәрбие.